



Күн сайын құндылықтарымызға сүйене отырып

Іскерлік тәлімнің жаһандық кодексі
#LOVED

Бастау үшін басыңыз





Жоғарыда көрсетілген қойындыларды пайдаланып іскерлік тәлім кодексінің бөлімдерін қараңыз
Мазмұнға оралу үшін HOME («Үй») батырмасын пайдаланыңыз

«Іскерлік тәлімнің жаһандық кодексін біздің жол көрсетушімізге айналдыруымыз керек. Оны қол жетімді жерге қойып, оған жиі жүгініп, мақтан тұтатын шешімдерді сенімді қабылдау үшін қолданайық»

- Takeda Executive Team



Мазмұны

Біздің құндылықтарымыз: этикалық тәлімнің негізі	4–5
Шолу	
Пациент	6–7
Сенім	8–9
Бедел	10–11
Бизнес	12–13
Толық ақпарат	
Пациент	14–15
Сенім	16–17
Бедел	18–19
Бизнес	20–21
Біздің міндетіміз: күн сайын құндылықтарымызға сүйену	22–23
Құндылықтардың негізінде шешімдер қабылдау	24–25
Өзара қолдау	27



Іскерлік тәлім кодексінің бөлімдерін қарау үшін бөлім тақырыптарын басыңыз


Біздің құндылықтарымыз: этикалық тәлімнің негізі

Жоғары этикалық қағидаларға негізделген мәдениет Такеданың ажырамас бөлігі және оның басты мақтанышы болып табылады. Біз этикалық тәлімнің ең жоғары стандарттарын сақтау үшін өз жауапкершілігімізді сезінеміз. Өйткені, біз жасайтын барлық нәрсе адамдар өмірінің ең құнды көрінісі - олардың денсаулығына әсер етеді. Бұл біздің миссиямыздан көрінеді: адамдардың денсаулығын жақсартуға және бүкіл әлем үшін жақсы болашақ жасауға ықпал ету.

1781 жылы Чобэй I құрғаннан бері Такеда қатты өзгерді. Бастапқыда Жапонияның дамып келе жатқан Осака қаласындағы дәстүрлі дәрі-дәрмектердің шағын дүкені болды, қазір Жапонияда штаб-пәтері бар ғаламдық биофармацевтикалық ғылыми-зерттеу компаниясы, ол адамдардың өмірін жақсартуға мүмкіндік беретін алдыңғы қатарлы емдеу әдістерін әзірлеуге және ұсынуға бағытталған.

Такедаизмнің құндылықтары әрқашан біздің ерекше бағыт көрсетушіміз болды. Барлық кезеңде өзекті құндылықтар: қағидалар адалдық, әділеттілік, берілгендік және табандылық біздің кім екенімізді анықтайды. Біз өз құндылықтарымызды шешімдерімізде және әрекеттерімізде жүзеге асырамыз. Біз пациентті жасап жатқан барлық істеріміздің ортасына қоямыз, қоғаммен сенімді қарым-қатынас орнатамыз, біздің беделімізді нығайтамыз және дәл осындай тәртіппен орнықты бизнесті дамытамыз. Біз жасайтын және қалай жасайтынымыз, барлығының негізі - Такедаизмнің құндылықтары және біздің приоритеттеріміз: «пациент, сенім, бедел, бизнес».

Біздің «пациент, сенім, бедел, бизнес» приоритеттеріміз іскерлік тәлімнің жаһандық кодексінің негізінде жатқан қағидаттарды айқындайды. Ол Такеданың рухын бейнелейді: біз нені жақтаймыз және қалай әрекет етеміз. Кодексті қолдана отырып, біз күн сайын құндылықтарымызға сүйенеміз.




Пациент

Біздің әрқайсымыз Такеданың негізгі мақсатына — адамдардың денсаулығын жақсартуға көмектесетін қауіпсіз және тиімді дәрі-дәрмектерді, вакциналарды және басқа да медициналық препараттарды әзірлеуге және жасауға өз үлесімізді қосамыз. Сондықтан, ең алдымен, біз әрқашан өзімізге келесі сұрақты қоюымыз керек: «бұл пациенттерге пайдалы бола ма?»

- Біз пациенттердің денсаулығын, әл-ауқатын және қауіпсіздігін бәрінен жоғары бағалаймыз
- Біз пациенттерді құрметтейміз және олардың құпиялылығын сақтаймыз
- Біздің пациенттік ұйымдармен өзара қарым-қатынасымыз сыйластыққа және іскерлік этика қағидаттарына негізделген
- Біз аурулар туралы және оларды емдеу және алдын алу кезінде қолданылатын өнімдер туралы шынайы және нақты ақпарат береміз
- Біз пациенттер мен денсаулық сақтау мамандары арасындағы өзара қарым-қатынасты құрметтейміз

[Пациент туралы толық ақпаратқа өту](#)





Сенім

Такеданың пациенттер мен басқа да үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелерін орындау үшін біз әдеппен әрекет ете отырып және тиісті шешімдер қабылдап, қоғаммен сенімді қарым-қатынас орнатамыз.

- Біз алуан түрлі, тең құқықты, инклюзивті, қауіпсіз, ашық, ынтымақтастық үшін қолайлы және кемсітушілікке жол бермейтін, қызметкерлерге кәсіби және жеке есуі үшін мүмкіндіктер беретін жұмыс ортасын жасаймыз
- Біз қызметкерлерімізді дамыту және жұмысымызды орындау мәселелерінде объективтіміз
- Біз бір-біріміздің және үшінші тұлғалардың мүлкі мен ақпаратын құрметтейміз және қорғаймыз
- Біз адал және ашық диалогты қолдаймыз және әркімнің пікірін бағалаймыз
- Біз ашық сөйлейміз және құндылықтарымызды қорғаймыз

Сенім туралы толық ақпаратқа өту




Бедел

Такеданың қызметкерлері ретінде біздің іс-әрекеттеріміз компания туралы пікірге әсер етуі мүмкін екенін түсінеміз, сондықтан шешім қабылдамас бұрын, біздің іс-әрекеттеріміз жылдар бойы құрылған компанияның беделіне қалай әсер етуі мүмкін екенін бағалаймыз.

- Біздің денсаулық сақтау мамандарымен өзара қарым-қатынасымыз шынайы және айқын
- Біз зерттеулер жүргізу кезінде іскерлік этиканың жоғары стандарттарын сақтауды қолдаймыз
- Үшінші тұлғалармен өзара қарым-қатынас кезінде әділ және адал әрекет етеміз
- Такеда компаниясы мен қызметін талқылау кезінде біз жауаптымыз
- Біз жұмыс істейтін қауымдастықтарға оң үлес қосуға тырысамыз

[Бедел туралы толық ақпаратқа өту](#)





Бизнес

Пациенттер, клиенттер, Такеданың қызметкерлері және біздің планетамыздың алдындағы міндеттемелерімізге назар аудара отырып, біз бизнесте ұзақ мерзімді нәтижелерге қол жеткізудеміз.



- Біз тұрақты бизнесті дамыту үшін қолдан келгеннің бәрін жасауымыз
- Біз компанияның мүлкі мен ақпаратына тиісті сақтықпен қараймыз және оларды тек нысаналы мақсаты бойынша пайдаланамыз
- Біз бизнесімізді қағидаларымызға сәйкес жүргіземіз
- Біз компания мүдделерімен шиеленістердің туындауына әкеп соғуы мүмкін әрекеттер жасамаймыз

[Бизнес туралы толық ақпаратқа өту](#)



Пациент

Біз пациенттердің денсаулығын, әлауқатын және қауіпсіздігін бәрінен жоғары бағалаймыз

Біздің әрқайсымыз Такедада қандай міндеттер атқарса да, пациенттердің қажеттіліктері біздің жұмысымыздың бірінші және маңызды бағыты болып табылады. Біз пациенттер отбасыларының және пациенттерге күтім жасайтын адамдардың да қажеттіліктерін ескереміз.

Зерттеу жүргізу кезінде, сондай-ақ әзірлеу, өндіру, тарату және басқа да қызмет кезінде қағидаларға адалдық – бұл біздің компания философиясының негізгі элементі. Біз өз өнімдеріміз бен қызметтерімізге халықаралық деңгейде қол жетімді етуге тырысамыз.

Біз қызметімізде жаңа технологияларды пайдалану кезінде жауапкершілікпен әрекет етеміз.

Тәуелсіз немесе басқа ұйымдармен және елдердің үкіметтерімен бірлесіп әрекет ете отырып, біз ұзақ мерзімді келешекте пациенттердің денсаулығы мен әлауқатын жақсартуға айтарлықтай үлес қосуға көмектесетін шешімдер табуға тырысамыз.

Біз өнімдерімізге қатысты шағымдар мен басқа да мәселелерді жедел қарастырамыз және оны ашық түрде жасаймыз.

Біз пациенттерді құрметтейміз және олардың құпиялылығын сақтаймыз

Біздің пациенттер туралы дербес ақпарат немесе мәліметтер тек заңды мақсаттарда, қолданылатын талаптарға сәйкес және барлық қажетті келісімдерді алған кезде ғана пайдаланылады.

Біз пациенттердің ақпараты мен мәліметтерін қорғау үшін тиісті шаралар қабылдаймыз.

Біздің пациенттік ұйымдармен өзара қарым-қатынасымыз сыйластыққа және іскерлік этиканың қағидаттарына негізделген

Біз пациенттерге күтім жасау сапасын арттыру және олардың денсаулығын жақсартуға ықпал ету мақсатында пациенттік ұйымдарды қолдаймыз.

Біз мүдделер шиеленісінің туындауына әкеп соғуы мүмкін және пациенттік ұйымдар мен олардың өкілдеріне лайықсыз ықпал ету ретінде қабылдануы мүмкін іс-әрекеттер жасамаймыз. Біз олардың тәуелсіздігін бағалаймыз және өзара қарым-қатынасымыздың ашықтығын қолдаймыз.

Біз аурулар туралы және оларды емдеу және алдын алу кезінде қолданылатын өнімдер туралы шынайы және нақты ақпарат береміз

Біз аурулар туралы және оларды емдеуде қолданылатын біздің өнімдеріміз туралы ақпаратты қолжетімді етуге ұмтыламыз. Біз жарнамалық, промоциялық немесе білім беру кампаниялары шеңберінде ақпаратпен бөліскен кезде қолданылатын талаптарға сәйкес келетін тиісті байланыс арналарын пайдаланамыз.

Біз берілген ақпараттың сандық немесе жеке қарым-қатынас болсын, пайдаланылатын арнаға қарамастан дәл, шынайы, теңдестірілген және ғылыми негізделген екендігіне кепілдік береміз.

Біз пациенттер мен денсаулық сақтау мамандары арасындағы өзара қарым-қатынасты құрметтейміз

Егер пациенттер бізге оларды емдеуге байланысты сұрақтармен жүгінетін болса, біз оларды тиісті кеңес алу үшін денсаулық сақтау мамандарына жібереміз.

Біз ешқашан Такеда өнімдерін тіркелген қолдану көрсеткіштері шеңберінен тыс ілгері жылжытпаймыз.



Сенім

Біз алуан түрлі, тең құқықты, инклюзивті, қауіпсіз, ашық, ынтымақтастық үшін қолайлы және кемсітушілікке жол бермейтін, қызметкерлерге кәсіби және жеке өсуі үшін мүмкіндіктер беретін жұмыс ортасын жасаймыз

Такеда өз қызметкерлері үшін қауіпсіз және салауатты жұмыс ортасын қамтамасыз етуге тырысады және пациенттер мен қауымдастықтар сияқты әр түрлі адамдарды қабылдайды, біздеролардың игілігі үшін жұмыс істейміз. Біз нәсіліне, этникалық тиістілігіне, жасына, жынысына, гендерлік және жыныстық бағдарына, ұлтына, әлеуметтік тегіне, дініне, физикалық шектеулеріне, сыртқы түріне немесе кез-келген басқа жеке сипаттамаларына қарамастан, әрқайсысын құрметтей отырып, біздің айырмашылықтарымызды құптаймыз және бағалаймыз.

Біз қауіпсіз және салауатты жұмыс ортасын, сондай-ақ тиісті еңбек жағдайларын қамтамасыз ете отырып, әрбір қызметкердің өркендеуіне ықпал етеміз.

Біз алымсақтықтан, қысымшылықтан және кемсітушіліктің кез-келген түрінен немесе біржақты қарым-қатынастан еркін жұмыс ортасын құруға ықпал етеміз. Бұл барлық әріптестерге, іскери серіктестерге және басқа үшінші тараптарға құрметпен, сыпайы және кәсіби көзқарасты білдіреді. Біз ешқашан Такеда өнімдерін тіркелген қолдану көрсеткіштері шеңберінен тыс ілгері жылжытпаймыз.

Біз қызметкерлерімізді дамыту және жұмысымызды орындау мәселелерінде объективтіміз

Біз қызметкерлердің өздерінің қызығушылығын сезіну және біздің мақсатымыз бен көзқарасымызды сақтау үшін мотивация мен күшке ие болу үшін, олардың жетістіктеріне, лауазымына сәйкестігі мен әлеуетіне сүйене отырып жұмысқа қабылдаймыз, дамытамыз, бағалаймыз және алға жылжытамыз.

Жұмысты орындау кезінде біз ақыл-ойды басшылыққа аламыз. Біз шешімдерді әділ әрі объективті қабылдаймыз және жеке, қаржылық немесе қандай да бір басқа мүдделер бизнес-шешімдер қабылдау кезінде біздің әділдігімізге әсер етуі мүмкін жағдайларға жол бермейміз. Біз фаворитизмнің, артықшылықты қарым-қатынастың немесе туыстарымыздың, достарымыздың немесе жақын қарым-қатынастағы адамдардың мүдделері үшін лауазымдық жағдайды теріс пайдалану жағдайларын болдырмауға тырысамыз.

Біз Такеданың мүдделеріне қайшы келетін немесе мүдделер шиеленісін тудыруы мүмкін жеке, қаржылық немесе басқа мүдделерді белсенді түрде ашу арқылы сенімді нығайтамыз.

Біз бір-біріміздің және үшінші тұлғалардың мүлгі мен ақпаратын құрметтейміз және қорғаймыз

Такеда үшінші тұлғалардың зияткерлік меншігінің құпиялылығы мен заңды құқықтарын құрметтейді.

Біз жеке ақпаратты немесе деректерді тек заңды мақсаттар үшін және оларды тиісінше пайдалану үшін аламыз. Біз сондай-ақ жеке ақпараттың немесе деректердің құпиялылығын қорғаудың қамын жасаймыз.

Біз пациенттердің тәуелсіздігін құрметтейміз және компания ішінде, сондай-ақ үшінші тұлғалармен деректер алмасуды тиісті бақылауды және қорғауды қамтамасыз етеміз.

Біз адал және ашық диалогты қолдаймыз және әрқайсысының пікірін бағалаймыз

Сенімді және инклюзивті жұмыс ортасын жасау бір-біріне ашық сөйлеуге мүмкіндік беруді білдіреді. Біз басқаларды өз идеяларымен бөлісуге және пікірталастарға белсенді қатысуға шақыру арқылы үлгі көрсетеміз. Біз барлық пікірлерге назар аударамыз, өйткені бұл ең жақсы шешімдерді қабылдауға және шығаруға көмектеседі.

Егер біз Такедадағы лауазымдық міндеттерімізге, сондай-ақ біз қабылдаған шешімдердің немесе компанияның күтулерінің әсеріне күмәндансақ, біз сұрақтар қоямыз.

Біз құндылықтарымызды көрсететін өрнектерді жала жабу, кемсіту, әдепсіздік, қорқыту немесе қорлау сөздерінен аулақ болу арқылы қолданамыз

Біз ашық сөйлейміз және құндылықтарымызды қорғаймыз

Біздің жеке жауапкершілігіміз - егер қандай да бір іс-әрекет, мінез-құлық немесе шешім біздің компаниямызға немесе оның құндылықтарына қауіп төндіруі мүмкін деп ойласақ, өз алаңдаушылығымыз туралы ашық айту. Мұндай жағдайларға біздің құндылықтарымыз басқа адамдардың, соның ішінде жеткізушілер мен үшінші тұлғалардың мінез-құлқы немесе шешімдері салдарынан тәуекелге ұшырайды деп пайымдауға толық негіз бар жағдайлар да жатады.

Барлық өтініштер дереу, құпия және құрметпен қаралады. Біздің құндылықтарымызға және іскерлік тәлімнің жаһандық кодексіне қайшы келетін кез-келген мінез-құлықты немесе қызметті анықтаған кезде уақтылы және тиісті шаралар қабылданады.

Біз өз қауіптері туралы ашық хабарлаған қызметкерлердің қудалауына жол бермейміз.



Бедел

Біздің денсаулық сақтау мамандарымен өзара қарым-қатынасымыз шынайы әрі ашық

Біздің денсаулық сақтау мамандарымен өзара қарым-қатынасымыздың мақсаты - пациенттерге пайда әкелу. Біз өз өнімдерімізді пайдалану, қолдану, сатып алу, тағайындау немесе ұсыну түрінде лайықсыз әсер ету немесе пайда табу үшін ақша, сыйлықтар, қызметтер, қонақжайлылық белгілері және басқа да құндылықтарды уәде етпейміз, ұсынбаймыз және бермейміз. Денсаулық сақтау мамандарына қызмет көрсету үшін жүгінген кезде біз әділ нарықтық бағаға сәйкес төлем жасауды ұсынамыз.

Біз зерттеулер жүргізу кезінде іскерлік этиканың жоғары стандарттарын сақтауды қолдаймыз

Біз клиникалық зерттеулеріміздің нәтижелерін, олардың нәтижелеріне қарамастан, ашуға және Такедтің көмегімен жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін көпшілікке қол жетімді дереккөздерде жариялауға міндеттіміз. Біздің клиникалық зерттеулердің деректер базасына қол жеткізу тиісті тәуелсіз зерттеуге қолдау ретінде ұсынылады.


Біз ғылыми зерттеулерді ұсыну, жүргізу немесе есеп беру кезінде ғылыми этиканың бұзылуын болдырмау және шектеу үшін қадамдар жасаймыз.

Үшінші тұлғалармен өзара қарым-қатынас жасау кезінде біз әділ және адал әрекет етеміз

Біздің беделіміз коммуникацияларымыздың дәлдігі мен негізділігін қамтамасыз етуге деген ұмтылыспен күшейтіледі. Реттеуші және өзге де мемлекеттік органдармен, сондай-ақ біздің бәсекелестерімізбен және әріптестерімізбен өзара қарым-қатынас жасау кезінде біз адал, құрметпен, әділ және орынды әрекет етеміз.

Біз мүдделер шиеленісін болдырмаймыз, мемлекеттік лауазымды тұлғалармен, мемлекеттік мекемелермен және басқа да үшінші тұлғалармен өзара қарым-қатынас жасау барысында тиісті емес ықпал етуге немесе сыбайлас жемқорлыққа жол бермейміз.

Ашық бәсекелестікке құрмет пен бейілділікті білдіре отырып, біз жалпыға қолжетімді немесе рұқсат етілген көздерден алынған бәсекелес ақпаратты ғана жинаймыз және пайдаланамыз.



Такеда компаниясы мен қызметін талқылау кезінде біз жауаптымыз

Такеданың уәкілетті тұлғалары ғана үкіметтерге, реттеуші органдарға, инвесторларға, бұқаралық ақпарат құралдарына және басқа да мүдделі тұлғаларға қаржылық немесе өндірістік ақпарат беруге құқылы. Ұсынылған ақпарат дәл, сенімді және өзекті болуы керек.

Біз денсаулық сақтау саласындағы нәтижелерді жақсарту мақсатында жауапты лоббилеуді жүзеге асыру арқылы мемлекеттік саясат мәселелеріне қатысамыз.

Біз осындай коммуникацияның дәлдігі мен орындылығын қамтамасыз ету, дұрыс түсіндірмеудің алдын алу және компанияның беделіне қауіп төндірмеу мақсатында электрондық хаттарды және Такедамен байланысты басқа да коммуникацияларды жазу кезінде сақтық танытамыз.

Біз әлеуметтік желілер мен өзге де коммуникация арналарын тек іскерлік мақсатта және тиісті рұқсаттамалары болған жағдайда ғана пайдаланамыз. Біз әлеуметтік желілерде немесе басқа байланыс арналары арқылы жеке қарым-қатынас кезінде Такеданы талқылау кезінде тиісті сақтықты танытамыз және ақыл-ойды басшылыққа аламыз.

Біз жұмыс істейтін қауымдастықтарға оң үлес қосуға тырысамыз

Әлеуметтік жауапты компания бола отырып, біз қоғамға пайда әкелуге тырысамыз. Біз алған білімімізді қай жерде болмасын, барлық пациенттер үшін ең тиімді және ұзақ мерзімді шешімдерді іздеу үшін қолданамыз.

Біз пациенттер, қызметкерлер, планета және компания үшін шешімдеріміздің ықтимал салдарын болжаймыз және бағалаймыз.

Біздің бірегей мүмкіндіктеріміз бізге экологиялық көшбасшылықтың, планетамыздың табиғи жүйелерін және адам денсаулығын қорғаудың ең жоғары стандарттарына сәйкес келуге көмектеседі.

Біз пациенттеріміздің осал санаттарына ерекше назар аудара отырып, бизнесімізді жүргізу және жеткізудің барлық тізбегі шеңберінде, сондай-ақ біз жұмыс істейтін қоғамдастықтарда адам құқықтарын құрметтейміз және қорғаймыз.


Бизнес

Біз тұрақты бизнесті дамыту үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймыз

Біздің әрқайсымыз атқаратын лауазымына қарамастан, біздің қазіргі шешімдеріміз бен іс-әрекеттеріміз компанияға болашақта әсер етуі мүмкін екенін түсінеміз. Біз қойылған мақсаттарға компанияның ұзақ мерзімді дамуына және оның мақсаттарына қол жеткізуге нұқсан келтірмей қол жеткіземіз.

Біз тәуекелдерді анықтау, азайту және басқару үшін тиісті шараларды қабылдай отырып, тұрақты бизнес құрамыз. Біз өз рөлімізге, жауапкершілігіміз бен өкілеттіктерімізге сәйкес келетін тәуекелдерді ғана қабылдаймыз.

Біз кездесетін қауіптер туралы және оларды азайту үшін, сондай-ақ уақтылы және мақсатты шешім қабылдау үшін ашық түрде әрекет ететініміз туралы хабарлаймыз.



Біз компанияның мүлкі мен ақпаратына тиісті сақтықпен қараймыз және оларды тек нысаналы мақсатта пайдаланамыз

Такеданың қаржылық ресурстары мен басқа да мүлкі - компания атынан заңды қызметті жүзеге асыру үшін ғана пайдаланылатын құнды активтер. Біз оларды рұқсат етілген жерлерде сақтаймыз. Біз қолданылатын ішкі және сыртқы талаптарға сәйкес қаржылық, операциялық және басқа да іскерлік мәмілелер туралы ақпаратты тиісті түрде пайдаланамыз және сақтаймыз.

Үшінші тұлғалармен өзара қарым-қатынас кезінде біз заңды іскерлік мақсаттар үшін қажетті ақпаратты ғана ұсынамыз.

Біз Такеданың құпия ақпараты, оның ішінде жеке деректер мен зерттеулер, әзірлемелер және басқа да қызмет түрлері шеңберінде компания алатын, әзірлейтін, сатып алатын немесе бақылайтын зияткерлік меншік тиісті түрде қорғалатынына кепілдік береміз.

Біз Такеда технологиясын қорғауға байсалды қараймыз. Біз компьютерлерді және Такеданың басқа АТ жүйелерін дұрыс, тиімді және заңды пайдалануға шақырамыз. Біз Такеда ақпараты бар құрылғыларды қорғаймыз, тек лицензияланған бағдарламалық жасақтаманы қолданамыз және мұндай құрылғыларды үйде және қоғамдық орындарда қолданған кезде қырағылық танытамыз.

Біз өз бизнесімізді қағидаларымызға сәйкес жүргіземіз

Біз жеткізушілермен және үшінші тұлғалармен мәмілелер жасау кезінде өз қағидаларымызға сәйкес әрекет етеміз. Біз салада жұмыс істейтін әріптестерімізбен бәсекелестік артықшылықтар туралы ақпарат алмаспаймыз және бәсекелестікке қарсы әдістерді қолданбаймыз. Біз пара алмаймыз, ұсынбаймыз және бермейміз, сонымен қатар Такедамен іскерлік байланысы бар жеткізушілерден, клиенттерден немесе компаниялардан жеке немесе қаржылық пайда алмаймыз. Үшінші тұлғаларға біздің атымыздан біз қолайсыз деп есептейтін қандай да бір қызметті жүзеге асыруға мүмкіндік бермейміз.

Біз қарым-қатынас жасайтын үшінші тұлғалар туралы хабардарлық үшін жауап береміз. Біз жеткізушілерімізге және өзге үшінші тұлғаларға олардың қызметінің сипаты мен өзара қарым-қатынастарымызды ескере отырып, тиісті кешенді тексеру жүргіземіз. Біз өз атымыздан әрекет ететін немесе бізге тауарлар мен қызметтерді ұсынатын кез келген үшінші тұлғалардың Такеданың этикалық қағидаларын сақталуын қадағалаймыз.



Біз компания мүдделерімен шиеленістің туындауына әкеп соғуы мүмкін әрекеттер жасаймыз

Компаниядан тыс жұмыс немесе бәсекелес компанияның, клиенттің немесе жеткізушінің қызметкерді Такедаға жұмысқа орналастыру кезеңінде қандай да бір пайда алуына елеулі қаржылық қызығушылықтың болуы мүдделер шиеленісіне немесе Такеданың мүдделеріне қайшы келуі мүмкін. Біз компаниямызбен ашық түрде ашылып, келісілген қызметке ғана қатысамыз.

Біз заңсыз пайда алу немесе үшінші тұлғаларға осындай артықшылықтар беру үшін елеулі жария емес ақпаратты пайдаланбаймыз.

Такеда атынан әрекет ететін жеткізушілерді немесе үшінші тұлғаларды таңдағанда, біз заңды іскерлік қажеттіліктерді ескере отырып, әділ және объективті критерийлерге сүйенеміз және жеке қатынастарға, инвестицияларға немесе байланыстарға басымдылық бермейміз.

Жеткізушілерді таңдау кезінде және кейінгі өзара қарым-қатынас барысында біз өтініш жасаймыз және бар немесе әлеуетті жеткізушілерден, тапсырыс берушілерден немесе үшінші тұлғалардан Такедамен бірлескен жұмыс үшін шарт немесе сыйақы ретінде ақшаны, сыйлықтарды, қызметтерді, қонақжайлық көрінісін және басқа құндылықтарды қабылдамаймыз.

Біз жеке және саяси әрекеттеріміз Такедадағы рөліміз бен міндеттерімізге нұқсан келтірмеуі үшін бәрін жасаймыз.

Біздің міндетіміз: күн сайын құндылықтарымызға сүйену

Біздің әрқайсымыз атқаратын лауазым мен жұмыс орнына қарамастан, компания құндылықтарына сүйенгені, пациенттерге, әріптестерімізге және қоғамға пайдалы шешімдер қабылдағаны, сондай-ақ өзімізді қалай ұстағанымыз үшін жеке жауаптымыз. Такеданың жаһандық іскерлік тәлімінің кодексі біздің нұсқаулық болып табылады

Кодекс біздің мақтан тұтатын тарихымызда қалыптасқан құндылықтарымыз бен жоғары этикалық стандарттарымызға сәйкес сенімді шешім қабылдауға мүмкіндік бере отырып, этикалық тұрғыдан әрекет етуге көмектеседі. Біз әрқашан өзімізден «мұны істеуге бола ма» деп емес, «мұны істеген жөн бе» деп сұраймыз.



Құндылықтардың негізінде шешімдер қабылдау

Біз әртүрлі жағдайға немесе этикалық дилеммаға тап болған кезде біз бүгін де, болашақта да мақтана алатын ережелер мен шешімдерді қолданамыз.

Біз өзімізге «Пациент, сенім, бедел, бизнес» приоритеттеріне негізделген сұрақтарды осы ретпен қоямыз:



1

Біріншіден, бұл **пациентке** пайдалы бола ма?

- Менің шешімім пациентке қандай пайда әкеледі?
- Мұндай шешім пациентке зиян тигізуі мүмкін бе?
- Егер пациентте менде бар барлық ақпарат болса, ол осындай шешіммен келісер ме еді?
- Егер осындай жағдайда пациент маған жақын адам болса, мен шешімімді өзгертер ме едім?



2

Екіншіден, бұл қоғаммен **сенімді** қарым-қатынас орнатуға көмектеседі ме?

- Серіктестер менің әрекеттерім мен мінез-құлқымды қалай қабылдайды?
- Басқа адамдар менің әрекеттерімнен олардың мүдделерін шынымен ескеретінімді нақты түсіне ала ма?
- Бұл шешім мен әріптестерімнің арасында сенімді қарым-қатынас орнатуға ықпал ете ме?
- Менің іс-әрекетім маман ретінде және жалпы Такеда компаниясында маған деген сенімділікті арттыра ма?

3

Сонан соң бұл «Такеданың» **беделін** арттыра ма?

- Егер маған жақын адам менің шешімім туралы білсе, мен оны өзгерткім келеді ме?
- Менің әрекеттерім Такедаизм құндылықтарына сәйкес келе ме?
- Менің әрекеттерім мен туралы немесе басқа адамдарда Такеда туралы жағымды пікір қалыптастыруға ықпал ете ме?
- Егер бұл туралы ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарына түссе, менің әрекеттерімді жұртшылық қалай қабылдайды?

Сонымен, бұл **бизнестің** тұрақты дамуына ықпал ете ме?

- Бұл біздің ресурстарымызды пайдаланудың ең жақсы тәсілі ме?
- Менің шешімім болашаққа зиян келтірмей қазіргі қажеттіліктерге жауап бере ме?
- Такеда қызметкерлері менің шешімімді мақтан тұта ала ма?
- Біздің негізгі серіктестер менің шешімім туралы не ойлайды?

4





Өзара қолдау

Біз әріптестерімізді күн сайын құндылықтарымызға сүйенуін қолдаймыз және әркім ашық сөйлей алатын және басқалардың тыңдайтынына сенімді болатын орта қалыптастырамыз.

Егер сізде сұрақ туындаса немесе қандай да бір мәселе туралы хабарлағыңыз келсе, сенетін адаммен сөйлесіңіз: әріптесіңізге, жетекшіңізге, Такеда компаниясының басшылығына немесе персонал немесе комплаенс бөлімінің қызметкеріне хабарласыңыз. Сіздің алаңдаушылығыңыз немесе сұрағыңыз уақтылы қаралады.

Сіз сондай-ақ өз алаңдаушылығыңызды Takeda Ethics Line этика мәселелері жөніндегі жедел желіге (<http://www.takeda.ethicspoint.com>), өз атыңызды және байланыс деректеріңізді көрсетіп немесе жасырын түрде - сіздің қалауыңыз бойынша хабарлай аласыз. Барлық хабарламалар құпия түрде өңделеді.

Көбірек білу

Кодексте көрсетілген қағидалар бойынша қосымша ресурстар мен ұсыныстарды [CoS веб-сайтынан](#) табуға болады.

Біздің саясатымыз, рәсімдеріміз бен нұсқаулықтарымыз туралы толығырақ ақпарат та қол жетімді.

Күн сайын біздің құндылықтарымызға сүйене отырып
Yammer-де #LOVED





Басына оралу